**Халықаралық әуесқой бокс қауымдастығының конгресін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 7 қазандағы № 139-ө Өкімі

2010 жылғы 29 қазан - 5 қараша кезеңінде Алматы қаласында Халықаралық әуесқой бокс қауымдастығының конгресін (бұдан әрі - Конгресс) сапалы дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Конгресті дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) құрамы бекітілсін.

2. Ұйымдастыру комитеті 2010 жылғы 20 қазанға дейінгі мерзімде Конгресті дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 7 қазандағы № 139-ө өкімімен бекітілген

**Халықаралық әуесқой бокс қауымдастығының конгресін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

| | |
|---|---|
| Есімов Ахметжан Смағұлұлы | - Алматы қаласының әкімі, төраға |
| Қанағатов Елсияр Баймұхамедұлы | - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары |
| Әбілғазин Данияр Рүстемұлы | - «Қазақстандық бокс федерациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша), төрағаның орынбасары |
| Хавлахат Болат | - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті «Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясы» республикалық |

мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жоғары жетістіктер спорты және халықаралық байланыстар басқармасының бастығы, хатшы

Жошыбаев Рәпіл Сейітханұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы

Садықов Болат Нұрмырзаұлы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы

Әубәкіров Амантай Акрамұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

Бектұров Азат Ғаббасұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі

Бөрібаев Асқар Ысмайылұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет вице-министрі

Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Оразов Нұрай Нұрғожаұлы - Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат вице-министрі

Кәрбозов Қозы-Көрпеш Жапарханұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің төрағасы

Досымбетов Тимур Камалұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің бас хатшысы (келісім бойынша)

Хайдаров Қайырболат Саламатұлы - Алматы қаласының әкімдігі туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК